

12 желтоқсан,  
Сенбі,  
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

## 16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ



### Қадірлі жерлестер!

Бүгін ата-бабаларымыздың жүздеген жылдар бойғы арман-тілегі ақиқатқа айналған, ғасырлар тоғысында бой көтерген Тәуелсіз Мемлекетіміздің ең басты мерекесі. Баршаның еліміздің осынау ең ұлық мейрамы – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жер бетіндегі қай халық үшін де Тәуелсіздіктен биік ұлы мұрат жоқ. Еліміздің Тәуелсіздігі – ұлтымыздың ежелден еркіндік аңсаған асқақ рухының және ұлт тарихындағы барлық азаттық үшін болған күрестердің жеңісі. Тарихи жолды жүріп өткен бабаларымыздың халық болып бірігуді, ел болып қалануды, еркіндікті аңсаған арманы 1991 жылы жүзеге асты. Сол жылдан бастап тарих бетінде Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті қалыптасты. 30 жылға таяу уақыт ішінде Тәуелсіз Қазақ елінің негізін қалап, елін жарқын болашаққа жетелеген Ұлт Көшбасшысымен бірге түрлі қиындықтар мен сынақтардан аман өтіп келеміз. Тарихи тұрғыдан алғанда 29 жыл аз мерзім болғанымен, егемен елімізде ғасырға татитын ауқымды жұмыстар атқарылды. Біз бүгінде өлемнің бәсекеге қабілетті 30 мемлекетінің қатарына қосылуды мақсат етіп, өз бағытымызды айқындадық.

Бүгінде Тәуелсіз Қазақстан Республикасы – Орта Азияның ғана емес, бүкіләлемдік мәселелерді талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын беделді елге айналды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың пікірімен бүгінде әлем саясаткерлері санасатын болды. Осындай дана саясаткер Басшысы бар Қазақстан – шекарасы нақтыланған, рәміздері айшықталған, тілі мен төл теңгесі бар, әскери өлеуеті арқаң берекелі аудан биыл да жақсы нәтижелерімен көрінді.

### Құрметті ойылдықтар!

Даму белестеріне қадам басқан Ойыл ауданында да еліміздегі қазіргі қалыптасқан жағдайға қарамастан жасампаз жұмыстар атқарылды. Ел Тәуелсіздігінің 29 жылдығын Ойыл ауданының тұрғындары табысты қарсы алып отыр. Өткелі тұрған жылы төрт ауылға таза ауыз су құбыры тартылса, ерісі төрт-түлік малға толған берекелі аудан биыл да жақсы нәтижелерімен көрінді.

Мемлекетіміздің қарқынды дамуы тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы. Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау біздің басты мұратымыз.

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ-береке тілеймін!

Тәуелсіздігіміз туғырлы, бірлігіміз баянды, еліміз еңселі болсын! Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

Құрметпен Ойыл ауданының әкімі  
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

## КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ КЕЛЕР ЖЫЛДЫҢ БЮДЖЕТІН ТАЛҚЫЛАДЫ

СӨРСЕНБІ КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ, БЮДЖЕТ, ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ САЛА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.



Аталған мәселелер бойынша тұрақты комиссияның кеңейтілген отырысына аудандық мәслихаттың депутаттары, аудандық бөлімдер басшылары қатысты. Күн тәртібінде көптеген мәселелер қозғалып, талқыланды. Онда алдымен аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Қайнарбай Ұлықпанов «2021-2023 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешім жобасы бойынша баяндама жасады. Келесі кезекте аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Серік Меруенов сала бойынша атқарылған жұмыстар мен

жұмсалған қаржының тиімді игеріп жатқандығын жеткізсе. Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Берік Майланов осы жылдың бюджетінің кіріс бөлігінің орындалуы барысын баяндады. Тұрақты комиссия отырысында келер жылы бөлінетін қаржы мәселесі өте қызу талқыға түсті. Сондай-ақ аудандық мәслихат хатшысы Еркін Жұмағазыұлы өр сала басшыларына бөлінген қаржыны тиімді, сапалы жұмсалуды тиіс екендігін баса айтып, кейбір кемшіліктерді түзету керектігін ескертті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

## САЙЛАУ КЕЗІНДЕ НЕЛІКТЕН БЕЙНЕТРАНСЛЯЦИЯ ЖҮРГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ?

« Трансляцияға салынатын тыйымға қатысты айтар болсақ, бұл мәселе қазіргі уақытта өлеуметтік желіде қызу талқыланып жатыр. Шынтуайтында, біз трансляцияға шектеу қоятын ешқандай қаулы шығарған жоқпыз. Сайлау учаскесінен трансляцияны жүргізуге БАҚ құқылы. Бұрын солай болған, бұеін де солай болып қала бермек. Біз жағдайдың мән-жайын түсіндірсек дейміз. Қазіргі заңнама талаптарына сәйкес, кедергісіз түсіруге болады. Яғни ұлттық байқаушылар кедергісіз түсірілім жүргізеді, тек екі шектеу бар – дауыс берудің құпиялығы мен жеке мәліметтер сақталуы тиіс. Қалаған ешқандай шектеу жоқ», - деді Константин Петров Орталық сайлау комиссиясының отырысынан кейін өткен баспасөз мәслихатында. Ол сонымен қатар түсірілген видеоны байқаушылардың тарату мәселесіне қатысты пікір білдірді. «Комментарий тарату жөніндегі байқаушылардың құзыретіне келер болсақ, ол заңда қарастырылмаған. Біз байқаушылардың сайлау учаскесінде видеотрансляция жүргізуіне арнайы қарсы шығып келдік. Орталық сайлау комиссиясының бұл бағыттағы позициясы еш өзгерген жоқ», - деді Константин Петров. Айта кетсек, бұған дейін Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Серік Сыдықов сайлау учаскелерінде бейнетрансляция жүргізу заңнамада қарастырылмағанын мәлім еткен еді.



## ЕЛІМІЗДЕ МҰСЫЛМАНДЫҚ ДІНИ РӘСІМДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАНДЫ

ҚАЗАҚСТАНДА БІРҚАТАР МҰСЫЛМАНДЫҚ ДІНИ РӘСІМ ӨТКІЗУГЕ ҚАТЫСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ. ОЛ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАФАСЫ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ МӘЛІМ ЕТТІ. «БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ.



Осы уақыттың ішінде діни басқарма ел алдында абыройға жетті. Өткен бейсенбі күні осы мерейтой аясында IV республикалық имамдардың онлайн форумы өтті. Форумда бірқатар діни құжат қайта қаралып, қабылданды. Атап айтар болсақ, «Ас беру мәдениеті», «Зират және зиярат мәдениеті», «Зияткер имам» құжаттары қабылданып отыр. Бұл құжаттар адамдардың діни мәдениетін сақтау мен дамытуға үлес қосады деген сенімдеміз», - деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Бас мүфтидің айтуынша, аталған құжаттардың заңдық күші жоқ, тек қана насихаттау мақсатын көздейді. «Мысалы, ас бергенде адамдар ысыраққа бармауы тиіс. Біз

құжатта ас берудің уақыты мен қандай тағамдар болуы тиіс екенін көрсететін боламыз. Сондай-ақ, зират пен зиярат мәдениетіне келсек, қазір өздеріңіз білесіздер қасиетті орындарға барушылардың саны көбейіп жатыр. Осы орайда шарият шеңбері мен салт-дүстүрге сай зиярат жасауды үйрететін боламыз. Яғни асыра сілтеушілік болмауы қажет. Бұның барлығы адамдардың діни рәсім мен өдет-ғұрыпты ұстану мәдениетін қалыптастыру мақсатында жасалынып отыр», - деді ол. Діни басқармасының басшысы мәлім еткендей, алдағы уақытта діни рәсімге қатысты жаңа құжаттардың маңызын имамдар ел арасында насихаттайтын болады.

Газетіміздің келесі саны 15 желтоқсан сәуісін жарыққа шығады.

## ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
1	Ойыл	Ойыл ауылы Шернияз көшесі №36, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы мәдениет және демалыс орталығы
2		Екпептал ауылы Екпептал мектеп бала бақшасы, Қыдырбаев Хайролла көшесі № 13
3		Ақшатау орта мектебі, Ақжол көшесі № 1а
4		Қаракемер ауылы Қаракемер ауылдық клубы, Достық көшесі №3
5	Ш.Берсиев	Қаратал ауылы Берсиев ауылдық клубы, Ш.Берсиев көшесі №21
6		Құмжарған ауылы Құмжарған ауылдық клубы, Республика көшесі №23
7		Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, Алашорда көшесі № 2
8	Коптоғай	Коптоғай ауылы Коптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18
9		Амангелді ауылы Амангелді ауылдық клубы, Астана көшесі №16
10		Қарасу ауылы Қарасу ауылдық клубы, Алашорда көшесі №7
11		Шубарши ауылы Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19
12	Қараой	Қараой ауылы Қараой мектеп бала бақшасы, Жасқайрат көшесі №26
13		Қубасай ауылы Қубасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7
14	Сарбие	Сарбие ауылы Сапақкөл ауылдық клубы, Жастар көшесі №13
15		Қаракөл ауылы Қаракөл негізгі мектебі, Абай көшесі № 10
16	Саралжын	Саралжын ауылы, Ө.Дербісалин ат. Саралжын орта мектебі, Кеңес көшесі № 2
17		Ақкемер ауылы Жамбыл мектеп бала бақшасы, Жеткіншек көшесі №7
18		Бестамақ ауылы Тайсойған негізгі мектебі, Аялберген көшесі №1
19		Шикүдық ауылы Шикүдық ауылдық клубы, Мектеп көшесі №18
20		Қоңырат ауылы Фельдшерлік амбулаторлық пункт, Ойыл көшесі №1
21	Қайынды	Ақжар ауылы Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8
22		Кәсембай ауылы Кәсембай ауылдық клубы, Орталық көшесі №10

Ойыл ауданы әкімдігі

## ТҮЗЕТУ

«Ойыл» газетінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 48 санындағы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының Ойыл аудандық мәслихатының депутатына кандидаттардың партиялық тізімін тіркеу жөніндегі хабарындағы : «ADAL» саяси партиясы Ақтөбе облыстық филиалының партиялық тізімінің құрамы:

pp/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері
1	Шуақова Айнаш Сағынғалиқызы	1968	Жеке көсіпкер, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы
2	Жұмашева Мерует Сәндібекқызы	1999	Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы

### Қазақстанның «АҚЖОЛ» Демократиялық партиясы Ақтөбе облыстық филиалының партиялық тізімінің құрамы:

pp/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері
1	Есенғарин Айзат Альбертұлы	1992	Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бағдарламашысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы
2	Еламанова Айгерім Елболдықызы	1996	Ойыл ауданы әкімі аппаратының хатшысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы

деп түзетіліп оқылсын. Оқырмандардан жіберілген техникалық қателік үшін кешірім сұраймыз. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

## Газетке жазылу - 2021

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2021 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

## Желтоқсан. Тәуелсіздік

Бұл өмірді қайтадан дәл осылай сүрер ме ең? Қазақ болсаң қасіретімді біле бер. Ол алаңға шығып кетті сол күні Отаршылдық азарынан жүдеген Көңілмен. Елін сую ерлер үшін жаман ба, Түсірер деп кім ойлады шетінен. Қыз да тұрды кірпік қақпай күзетте Желтоқсанда, Алматыда алаңда Сеніммен. Тірлігінің кетеуін көр кетілген, Ұрып-соғып алып жатты шетінен, Отын алмақ көзіндегі ұрпақтың Махамбеттің жырын оқып жетілген. Бекінген.

Адал сүт емген ардағым, Мазаққа бермей шаңырағым. Ауыр да жолды таңдадың. Мезгілсіз сенген оттарым, Көзіне түскен шоқтарым. Тұрғаның есте топтанып. Өртенді жағалауларым, Алаңға қарай алмадым. Не істесе болады деп ...Өлең арнадым.

Сен елдің жадындасың, Ұяты, арындасың. Ағасы ұмытпайды Ерлік істеген қарындасын. Мерекеде шерудесің, Ел оза - көрудесің. Өр сөбі тілегінде, Тойлардың төріндесің. Сен солай адымдайсың, Далада сағымдайсың. Алаңда жанып тұрған, Еліңнің шамындайсың. Сені айтып тауың, тасың. Жас ұрпақ жалындысың. Ел деген ұмытпайды Ерлік істеген қарындасын.

Айсұлу РҮСТЕМОВА.

# ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР МЕН ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ТӨЛЕМДЕРІН ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ

2020 жылғы 1 қыркүйектегі мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында атап өткендей, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындағанда кезде халықтың қағаз құжаттармен жүруін азайтып, толықтай цифрландыруға көшіп, өлеуметтік жағынан қазақстандықтарды барынша қолдайтындығын алға тартты. Сондықтан да қағаз құжаттар айналымын азайту мақсатында кейбір құжаттарды электронды нысанда мысалы, жеке төлқұжат, жұмыс өтілі дөделдеу үшін ХҚКО-на сұраныс жолдау т.с.с. арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды төлеуді уәкілетті органның шешімінің негізінде: - қайтыс болғаны туралы, оның

ішінде ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтер; - кеткен елінің уәкілетті органынан зейнетақы ісіне, жәрдемақы алушының ісіне сұрау салу; - зейнетақы немесе жәрдемақы алушының оны өділет органдарынан тіркеуден шығарғанын растайтын құжатпен қоса, зейнетақы немесе жәрдемақы төлеуді тоқтату туралы өтініші; - мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту немесе азаматтығынан шығу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы мәліметтер;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының отставкадағы судьяға ай сайынғы өмір бойы қамсыздандыру тағайындалғаны туралы хабарламасы келіп түскен айдан кейінгі айдың

бірінші күнінен бастап тоқтатады. «Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шеңдер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар қатарынан зейнеткердің зейнетақы ісінен уәкілетті мемлекеттік органның еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалғаны туралы үзінді көшірме келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатады» - делінген.

**Гүлнар ӨЗБЕРГЕНОВА,**  
**«Еңбек, өлеуметтік қорғау және көші-қон Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті РММ-нің» бас маманы.**

## Ақтөбе облысының аумағындағы шектеу карантиндік шаралары туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ ҚАУЛЫ

09.12.2020 ж.

Ақтөбе қаласы

#### Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылдың 14 қарашасындағы №55 «Ақтөбе облысының аумағындағы шектеу карантиндік шаралары туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан өрі – COVID-19) коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында 2020 жылдың 07 шілдесіндегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 104 бабының 1 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №130 «Пайда болу және таралу кәуіп төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздың №239 «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік жүзеге асыру қағидалары бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57, 2020 жылғы 23 қазанындағы №58 және 2020 жылғы 02 қарашындағы №62 қаулыларына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 14 қарашасындағы №1ПГСВ-55 «Ақтөбе облысының аумағында шектеу карантиндік шаралары туралы» қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақ 1.1 тармақшасының 1 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«конференциялар, көрмелер, форумдар, ойын-сауық, жиыныстар, кеңестер, семинарлар (тек селекторлық режимде және бейнеконференциялар арқылы), спорттық (Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен республикалық жарыстарды, облыстық командаларды даярлауға арналған оқу-жаттығу жиындарын қоспағанда), жаппай жаңа жылдық іс-шаралар (оның ішінде ертеңгіліктер, корпоративтер), сондай-ақ адамдар көп жиналатын отбасылық, салтанатты, естелік және басқа да іс-шараларды, оның ішінде үйде, митингтер, шерулер, жиындар және т.б. өткізуге тыйым салыну жалғастырылсын.»

2) 1-тармақ 1.1 тармақшасының 5 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«банкет залдарының қызметіне тыйым салыну жалғастырылсын;» 3) 1-тармағының 1.1 тармақшасы мынадай абзацымен толықтырылсын: «меншік нысанына қарамастан барлық объектілер мен ұйымдарда, оның ішінде үйде мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру бойынша қызметтер мен кейтеринг қызметтерді көрсетуге тыйым салынсын;»

4) 1-тармағының 1.2 тармақшасы алынп тасталсын;

5) 1-тармақ 1.3 тармақшасының 1 абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57 қаулысының 5 қосымшасына сәйкес, объектіде келушілердің 30% – дан аспайтын және 1 келушіге – 4 м2 сақтаған кезде балалар ойын алаңдары мен аттракциондарының қызметіне тыйым салынумен СОО, сауда үйлерінің, сауда желілерінің қызметіне жұмыс және сенбі күндері ішкі төртінке сәйкес, жексенбі және мереке күндері сағат 10.00 – 17.00 дейін рұқсат берілсін;»

6) 1-тармақ 1.3 тармақшасының 3 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57 қаулысының 5 қосымшасына сәйкес, объектіде келушілердің 30% – дан аспайтын және 1 келушіге – 4 м2 сақтаған кезде балалар ойын алаңдары мен аттракциондарының қызметіне тыйым салынумен жабық

азық-түлік және азық-түлік емес базарларының қызметіне жұмыс және сенбі күндері ішкі төртінке сәйкес, жексенбі және мереке күндері сағат 08.00 – 17.00 дейін рұқсат берілсін;»

7) 1-тармақ 1.3 тармақшасының 12 абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57 қаулысының 19 қосымшасына сәйкес, балалар кабинеттерінің/түзету орталықтарының, балалар және ересектер білім беру орталықтарының (топта 15 адамнан артық емес, алдын ала жазылу бойынша) қызметіне ішкі төртінке сәйкес рұқсат берілсін;»

8) 1-тармақ 1.3 тармақшасының 13 абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57 қаулысының 14 қосымшасына сәйкес, мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі кезекші топтарының 20 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын сақтаған кезде қызметіне рұқсат берілсін;»

9) 1-тармақ 1.3 тармақшасының 24 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57 қаулысының 6 қосымшасына сәйкес, автожанармай қуо станцияларының, автомобиль жуу, доңғалақ жөндеу, техникалық қызмет станциясы, автомобиль, тұрмыстық техника, телефондар, компьютерлер, сағат және тағы басқаларды жөндеу қызметіне ішкі төртінке сәйкес рұқсат берілсін;»

10) 1-тармақ 1.3 тармақшасының 25 абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57 қаулысының 6 қосымшасына сәйкес, автожанармай қуо станцияларының, автомобиль жуу, доңғалақ жөндеу, техникалық қызмет станциясы, автомобиль, тұрмыстық техника, телефондар, компьютерлер, сағат және тағы басқаларды жөндеу қызметіне ішкі төртінке сәйкес рұқсат берілсін;»

11) 1-тармақ 1.3 тармақшасының 26 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бизнес-орталықтардың (сақтандыру компаниялары, адвокаттың, нотариустың, бухгалтердің және консалтингтің, жылжымайтын мүлік агенттіктерінің, жарнама агенттіктерінің, сот орындаушыларының және т.б. қызметтері), айырбастау пункттерінің, ломбардтардың ішкі төртінке сәйкес қызметіне рұқсат берілсін;»

12) 1-тармағының 1.3 тармақшасы мынадай редакциядағы 40 абзацымен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 57 қаулысына сәйкес тек тамақты алып кету және жеткізу арқылы фудкорттардың қызметіне рұқсат берілсін;»

13) 1-тармағының 1.3 тармақшасы мынадай редакциядағы 41 абзацымен толықтырылсын: «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57 қаулысының 21, 22-қосымшаларына сәйкес авто-экспресс (тамақты алып кету арқылы) қызметіне рұқсат берілсін;»

14) 1-тармағының 1.3 тармақшасы мынадай редакциядағы 42 абзацымен толықтырылсын: «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57 қаулысының 27 қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (оның ішінде ҰҚК Шекара қызметінің) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қүзет қызметінің жеке құрамы (оның ішінде азаматтық персонал) арасында COVID-19 таралу қаупін азайту жөніндегі алгоритмді сақтау;»

15) 1-тармағының 1.3 тармақшасы мынадай редакциядағы 43 абзацымен толықтырылсын: «Қазақстан Республикасы Бас

мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57 қаулысының 12 қосымшасына сәйкес, өуежай, теміржол және автомобиль вокзалдарының жұмыс істеу алгоритмінің сақталуын қамтамасыз етілсін.»

2. «Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы және Ақтөбе облысының полиция департаменті басшыларына қамтамасыз ету: – эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша белгілі тұрғылықты жері жоқ барлық адамдарды ПТР өдісімен COVID-19-ға тексеруді.

3. Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармаларының басшыларына қамтамасыз ету:

– COVID-19 диагнозы расталған адамдардың “үй карантині” режимі талаптарының сақталуына мониторингті жүзеге асыру үшін құрамында жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері, амбулаториялық-емханалардың медицина қызметкерлері және волонтерлар бар қалалық және аудандық мобильді топтарды қалыптастыруды;

– үйдегі карантиндегі COVID-19 диагнозы расталған адамдарды мониторингтеу бойынша мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыруды; – үйдегі карантиннің сақтау шарттарын бұзған тұлғаларды өкімшілік жауапкершілікке тартуды.

4. Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысына қамтамасыз ету:

– оқшаулау жағдайлары болған кезде үйдегі карантинді және клиникалық хаттамаға сәйкес COVID-19 симптомсыз вирус тасымалдаушы адамдарды медициналық бақылауды; – үйдегі карантиннің ұйымдастыру үшін тұрғын үйдің талаптарға сәйкестігін бағалауды;

– амбулаториялық-емханалық қызметтің медицина қызметкерлерінің күшімен үйдегі медициналық бақылауды жүргізілуін және үйдегі карантин талаптарының сақталуын бақылауды.

– үйде оқшаулану жағдайы болғанда симптомсыз вирус тасымалдаушысы бар адамдарды қоспағанда, COVID-19 науқастарын міндетті түрде ауруханаға жатқызуды; – короновирустық инфекцияның таралуын бақылау, сондай-ақ жұқтыру ошақтарын уақтылы оқшаулау мақсатында “Saqbol” мобильді қосымшасын енгізуді.

5. Ақтөбе облысының полиция департаментінің басшысына қамтамасыз ету:

– амбулаториялық-емханалардың медицина қызметкерлерімен бірлесіп, (үйде оқшауланған жағдайда симптомсыз вирус тасымалдаушысы бар адамдарды қоспағанда) COVID-19 ауруы бар науқастарын инфекциялық стационарға орналастырудан бас тартқан жағдайда шаралар қабылдауды.

6. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасына: 6.1. БАҚ және өлеуметтік желілер арқылы Ақтөбе облысының аумағындағы қатан шектеу және карантиндік шараларды кезең-кезеңімен жұмсарту туралы халықты жаппай хабардар етуді;

6.2. Өзгеріп отырған жағдайды және сыртқаттанғандар санының өсуін ескере отырып, БАҚ жұмысын бірыңғай үйлестіру мен орталықтандыруды.

7. Ақтөбе облысының және Ақтөбе облысы аудандарының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерлері тиісті аумақта қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

8. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

9. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

10. Осы қаулы 2020 жылдың 11 желтоқсанынан бастап күшіне енеді.

**Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а. Г.У. ДАУЛЕТОВА.**

# «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ШТАБЫ АЙТУЛЫ НАУҚАНҒА ТОЛЫҚТАЙ ДАЙЫН

КЕШЕ ТҮСКЕ ДЕЙІН «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ ШТАБЫНЫҢ ТҮСАУКЕСЕРІ ӨТТІ. САЙЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ ҮГП-НАСИХАТ КЕЗЕҢІ ДЕ СОЛ КҮНІ БАСТАЛДЫ. «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТОЛЫҚ ДАЙЫН. БАРЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІЛІП, БЕЛСЕНДІЛЕР МЕН СЕІМДІ ТҰЛҒАЛАР ТОПТАРЫ САЙЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ ӨТУІНЕ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТЫП ОТЫР.



Ойыл аймақтық сайлау комиссиясында 22 кандидаттан тұратын партиялық тізімі тіркелген. Оның ішінде 19 – адам праймериз жеңімпазы болса, 3 – адам партия филиалының квотасы бойынша. Партия басшылығының тапсырмасы бойынша «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сайлауалды Штабы құрылды. Штаб құрамына 9 адам кірді. Бұл аудан тұрғындары арасында лайықты беделге және құрметке ие адамдар – мәдениет, білім, ғылым, азаматтық сектор, бизнес өкілдері, сондай-ақ мәслихат депутаттығына 1 кандидат бар. Штабтың 6 мүшесі сайлау науқандарын өткізу тәжірибесіне ие.

Штабтың түсаукесерінде алдымен «Біз Республикалық сайлауалды штабпен келісім бойынша желілік кестені қабылдадық және бекіттік. Партия РФП басшылығының қатысуымен 197 іс – шара, көшпелі іс – 56 шара өткізуді, 16 000 астам адамды қамту жоспарлануда, оның ішінде 6312 тікелей және 9918 онлайн форматтағы кездесулер. Бұл ретте эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, барлық қауіпсіздік ережелері сақталатын болады. Бекітілген кестеге сәйкес барлық ауылдық округтер мен елді мекендер қамтылған. Сонымен қатар, штаб жанынан біздің өңірдің жас ұрпақтары арасынан

да кең және белсенді үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыруға арналған Жастар қанаты құрылды. Оған біздің «Jas Otan» жастар қанатының барынша дайындалған белсенділері, сондай-ақ біздің жастарымыздың сеніміне ие болған партияның жас жақтастары кірді», - деп баяндаған Nur Otan» партиясы, Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдин «Үгіт-насихат жұмыстары партияның 2025 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасы – «Өзгеріс жолы: өркімге лайықты өмір!» («Өзгерістер жолы: өр азаматқа лайықты өмір!»)негізінде жасалғандығын, жеке сайлауалды бағдарламада нақты міндеттерді қамтып, ойылдықтардың негізгі сұраныстары мен қоғамның өзекті мәселелеріне жауаптар беретінде айрықша атап өтті.

«Nur Otan» партиясының сайлау науқанындағы басты ұраны – «Қиындықты өңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!» Елбасы айтқан жетістіктің үш негізгі қағидаты бойынша жауапкершілік, партиямыздың бірлігі, ортақ мұраттар мен мақсаттарды ұстану арқылы еліміз үшін күрделі кезеңдердегі қоғамымыздың басты біріктіруші мақсаты мен құндылықтарын көрсетеді.

«Nur Otan» партиясы, Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдин «Nur

Otan» партиясы, Ойыл аудандық филиалы штабының түсаукесері сәтінде «Сайлаудағы жеңіс өрқауымыздың біліктілігімізге, жауапкершілігімізге, өз ісімізге толық берілгендігімізге тікелей байланысты. Партия Төрағасы – Елбасы барлық кандидаттар сайлау науқанына белсенді атсалысуы керектігін нақты белгілеп берді. Өз кезегінде, Партия Төрағасының Бірінші орынбасары атап өткендей, барлық үгіт-насихат жұмыстары «жанды» және сайлаушылармен адал және ашық диалог негізінде жасалуы тиіс. Партия кандидаттары 20/80 формуласын ұстанулары керек – «партияның сайлауалды бағдарламасын түсіндіруге 20% және сұрақтарға жауап беруге 80%». Бұл ретте біз барлығымыз заңнама талаптарын нақты ұстануға және осы кезеңде қандай да бір шагымдарға немесе заң бұзушылықтарға жол бермеуге тиіспіз. Партияның имиджіне нұқсан келтіретін кез-келген қауіп-қатерді болдырмау керек! Біздің барлығымыз Партиямыздың осы заманын сынқатерлерге батыл жауап беріміз және қазақстандықтардың сеніміне лайық нақты істер партиясы екенін көрсетуге тиіспіз», - деп сөзін түйіндеді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

# БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН БІІК!

Мерекелік күндер таяған сайын көпшілік жиналатын ортада қауіпті алдын-алу басты міндет. Әсіресе, балалар шоғырланатын жерде қырағылық екі есе қаржета. Сондықтан, жырда Құрман ота мектебінде өрт қауіпсіздігінің, балалардың арақаттануының алдын-алу жұмыстарын оқыту және тиімділігін арттыру мақсатында «Өрт қауіпсіздігі апталығы» өткізілді. Шара барысында оқушыларға Төуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекесі қарсаңында пиротехникалық құралдарды пайдалану және қауіпсіз жағдайларды болдырмау мақсатында пиротехникалық құралдарды пайдалану техникалық қауіпсіздікті сақтау және тұрмыстық өрт қауіпсіздігі туралы ақпараттар берілді.

Алдымен мектеп делізіңде ескерту парақшаларынан стенд жасақталып, класс жетекшілер тәрбие сағаттарында қосымша мәліметтер берсе, АӘД пенінің мұғалімі Б.Сатығалиев 5 класта «Өрт қауіпсіздігі негіздері» тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Шара барысында адамзат түрлі апаттың алдын-алу үшін қауіпсіздік ережесін жеті атасындай жатқа білуі керек екендігі ескертіліп, еліміздегі өрт сөндірушілер мен құтқарушыларды дайындап шығатын бірден-бір оқу орны - Көкшетау техникалық институты туралы да мәліметтер берілді.

Төтенше жағдайда бірінші болып көмекке келетін өрт сөндіруші мен құтқарушы - беделі биік мамандық иесі. Олар табиғат тосын мінез танытқанда, айтпай келген апатта, лап ете қалған өртте сіздің қауіпсіздігіңізді сақтауға жандарын құрбан болдырады.

Мектептегі «Поэзия - алтын тәжі!» атты мөнерлеп өлең оқу үйірмесінің жетекшісі А.Аманғалиева Отанға де-

ген адалдық, өрт сөндіруші құтқарушы мамандарына, ана тілге деген құрмет мақсатында үйірме мүшелерімен «Өртке қарсы қызмет» өлеңдер байқауын өткізді. Шараға жеті үміткер қатысып, жеңімпаздар марапатталды.

Елімізде жыл сайын тұрмыстық өрттің алдын-алу мақсатында жылыту маусымы басталғанға дейін ҚР ТЖМ қызметкерлері өрт қауіпсіздігі айлығын өткізеді. Өрт қауіпсіздігі ережесін түсіндіру үшін жеке секторларды аралау жұмысы жүргізіледі. Біздің ауылда да осындай шаралар өтіп, тұрғындарға жады-намалар таратылып,

ген адалдық, өрт сөндіруші құтқарушы мамандарына, ана тілге деген құрмет мақсатында үйірме мүшелерімен «Өртке қарсы қызмет» өлеңдер байқауын өткізді. Шараға жеті үміткер қатысып, жеңімпаздар марапатталды.

Елімізде жыл сайын тұрмыстық өрттің алдын-алу мақсатында жылыту маусымы басталғанға дейін ҚР ТЖМ қызметкерлері өрт қауіпсіздігі айлығын өткізеді. Өрт қауіпсіздігі ережесін түсіндіру үшін жеке секторларды аралау жұмысы жүргізіледі. Біздің ауылда да осындай шаралар өтіп, тұрғындарға жады-намалар таратылып,

Бағлаш АМАНБАЕВА,  
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

## 16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨУЕЛСІЗДІГІ КҮНІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1.	Аудан орталығы Ойыл селосында жеке кәсіпкер Ж.Займолдиннің «Дәулет» құрылыс дүкенінің ашылу салтанаты	14-15 желтоқсан	офлайн
2.	«Аумақты дамыту» бағдарламасы аясында Ойыл ауылдық округіне қарасты Ақшатау елді-мекенінде ауыз су құбыры құрылысының салтанатты түрде ашылуы	14-15 желтоқсан	офлайн
3.	«Аумақты дамыту» бағдарламасы аясында Ойыл ауылдық округіне қарасты Қаракемер елді-мекенінде ауыз су құбыры құрылысының ашылу салтанаты	14-15 Желтоқсан	офлайн
4.	Аудан жастары арасында «Төуелсіздік - биігім!» тақырыбында жыр мұшайарасы	11 желтоқсан	офлайн
5.	«Төуелсіздік – тәтті сөз, тәңір сыйы» атты бейнебаян	14 желтоқсан	онлайн oiyul_madeniet
6.	«Елімнің бақытын төрбеткен – Төуелсіздік» тақырыптық көрме	14 – 18 желтоқсан аралығында	онлайн muzei_uil
7.	Ел төуелсіздігіне арналған «Елімнің бақытын төрбеткен Төуелсіздік» атты салтанатты шара: - ауданның өлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан азаматтарды марапаттау, - мерекелік концерттік бағдарлама	14 желтоқсан	офлайн
8.	«Төуелсіздік – қазақ елінің бақыты» тақырыбында онлайн танымдық шара	15 желтоқсан	онлайн muzei_uil
9.	«Төуелсіздік – тау етер жалғыз киім» кітап көрмесінің таныстырылымы бейнебаян	15 желтоқсан	онлайн oiyul_madeniet
10.	«Өнерім саған, Төуелсіз Қазақстаным!» жастар арасында патриоттық өндерден ковер байқауы	16 желтоқсан	онлайн oiyul_akimat uil_zhastary

# ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ СИПАТЫ. ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ

Желтоқсан 1986 – халықтың жас ұрпағының қозғалысы. Ол айдарына қарғыс таңбасы басылған М.Горбачевтың «Қайта құру» бағдарламасын шын мәніндегі жаңғырту заманасы екен деп алданған ұлттық жас өкілдері еді.

Желтоқсан қозғалысы қаһарлы да қасіретті үш күн ішінде бірнеше сатыдан өтті.

Бірінші саты желтоқсанның 16-нан 17-іне қараған түні. Қазақ ССР Мемлекеттік Қауыпсіздік комитетінің деректері бойынша, сол күнгі түні қаланың алты оқу орындарының және С.М. Киров заводының 8 жатақханасында, Театр көркем өнер институтының 12 студенті «арандатуға бағытталған ірікті салу жұмысын жүргізді». Олар «жастарды шеру жасауға көндірді, арандатуға бағытталған ұрандар мен плакаттар даярлап, көшеге алып шықты. Сол бір түнде болған қимыл, өрекет 1979 жылы маусымда Ақмолада (Целиноградта) неміс афтономиясына қарсы өткен акцияны еріксіз көз алдына екеледі...

Желтоқсанның 16-нан 17-не қараған түні толқу Ақмоладағы сияқты студент, жұмысшы жатардың жатақханаларында басталды. Ақмолада түнде жазылған транспорттар мен сол түнгі жазылған транспорттар үндес, тіпті кейбірі сол күйінде қайталады. Желтоқсанның 17 күні төңертен алаңға толқын-толқынымен жиналу едісі де Ақмола оқиғасымен үндесті. Қалай болғанда да сол бір түнгі процестің басталу, өрбу динамикасын қалпына келтіру Желтоқсан тарихының ең бір қиын сәті екендігін мойындау керек.

Желтоқсан қозғалысының сол бір түні жастар үшін толқу, тербеліс үміт кезігі болатын.

Көтерілістің екінші сатысы – желтоқсанның 17-сі сағат 7-8-ден 18 сағатқа дейінгі кезең, бұл 200-300 адамдық шағын митингілерден мыңдаған адам қатынасқан митингілер, наразылық демонстрациясы, шеруі демонстранттар мен комсомол, партия басшыларының, оқу орындарының ректорлары мен декандарының, билік – өмірші күштердің өкілдерімен диалог болған кезең. Бұл өміршіл – командалық жүйе мен жас балғын демократияның бетпе-бет бейбіт жүздесу сәті, арбасу кезеңі. «Ленин идеясы жасасын», «Советтік Қазақстан жасасын», «Біз, қазақ, ежелден аңсаған», «Да здравствует ленинская национальная политика», «Ұлт саясатының лениндік принциптерін сақтауға талап етіміз!», «Ешқандай ұлтқа артықшылық берілмесін!», «Каждохму народу своего вождя» деген жастар алып шыққан түбегейлі көкейкесті ұрандар былай алып қарағанда марксизм – ленинизмнің қадғалдарынан тұрған еді. Ол шындығында Іс пен теорияның арасындағы алаштықты жоюға бағытталған-ды. Міне мұндай демократиялық ашық та айқынды, айшықты ұрандар астына реформатор жастар топтасты, олардың қатары 200 – 300 адамнан он мыңға өсті. Ал америкалық Хельсинки тобының деректері бойынша наразылық жасаушылар қатары 30 мыңға дейін жеткен. Ал Жоғары Совет Президиумы Комиссиясы демонстранттар қатары түске қарай 5000 адамға жуықтады деп хабарлайды<sup>16</sup>. Комиссия қозғалысқа қатысқан адамдардың айтуымен, алаңдағы екі сағат 18-де 15 мыңға дейін жетеді деп шамалайды. Біздіңше көше-көше бойымен жүрген сәттерінде демонстранттар қатары бірнеше есе өсті. Өйткені, көше бойына шыққандар да өздерін демонстранттар қатарында санады, іштей жылылық танытты, еркіндік аңсаған ұлдары мен қыздарына сүйсінді.

Көтерілістің екінші сатысында болған оқиғаларға зерттеушілер өр түрлі көзқарас білдіреді. Осы бір жүйелен көтерілісшілер бетпе-бет келген сәтте тепе-тең диалог болмау себебін жастарға артылушылық жиі кездеседі. Шындығында, билеуші топ алаңға шығушылармен, біріншіден, өздерін тең санаған жоқ. Жастарды салған жерден экстремистер деп қарады. Екіншіден, диалогқа бетпе-бет кездескен екі жақ екі тілде сөйледі. Бірі билеуші жақ, тек жастарды алаңдан таратып, «тәртіпсіздікті» тез жоюды көздеді. Ал көтерілісшілер талап етті. Ендеше, диалог болуы мүмкін емес еді. Комиссия төрағасы Мухтар Шаханов өзінің бір сұхбатында осы бір ситуация туралы былай деп еділ түйіндейді:

«Тарихта тіпті үлкен соғыс өрті тұтанғалы тұрған сәте екі жақтың ақылды, өрелі азаматтары жүйелі өзге тоқтасып, тарқасқан өмілдір аз емес. Алысқа бармай-ақ өзіндік дана билер, көсем хандардың, көне-көз карттардың басуымен талай даудамы бейбіт жолмен шешіліп келгеніне есе алсақ та жеткілікті. Сондықтан желтоқсан оқиғасын да ұшықтырмай шешуге әбден болар еді.

Рас, жастардың алаңға жиналу мақсатын білмей жатып милиция, ескер күштерін асығыс шақырғанымен, республика басшылығы демонстранттарымен диалог жасауға тырысып көрді. Бірақ, ол ешқандай нәтиже бермеді. Неге? Себебі, мінбеге шыққандар қазақша сөйлескеннен, екі жақ екі тілде әңгімелескендей болды, бір-бірін түсіне алмады. Шығып өйлеген басшылар былайша жиналудың ақылға сыймайтындығын және заңсыз екендігін қайта-қайта еске салып, тарқауды талап етті. Демонстранттардың өкілдеріне жағдайды Орталық Комитетте, болмаса басқа «тыныш» ортада түсіндіруді ешкім де қажет деп таппады. Орталық Комитеттің Пле-

нумының шешімін талдау ішкі партиялық іс деп саналып, демонстранттардың саяси шешімді түсіндіруді талап етуі мүмкін емес және халықтың атынан сөйлеу құқығы мойындалмады. Ондаған жылдар бойы өміршіл-өкімшіл басқару жүйесіне еті үйреніп кеткен ескі аппарат қайта құрудың ұшқындары алдымен жеткен жастардың саяси талап-тілегін түсінгісі келмеді. Мұндай жағдайда халықпен жұмыс істеудің нақты әдіс-тәсілдерін білмегендіктен, «еске түскені» ескі әдіс – күшпен басып тастау ғана болды. Сол кездің өзінде жастардың жаңаша ойлауы, азаматтық санасы үлкендерден көш ілері озып, республика басшылығына оның экономикасы, мәдениеті мен тарихынан хабарсыз адамды отырғызуға болмайтындығын дәлелдеуге тырысты. Бірақ, ол кезде күш тең емес еді. Милицияның сойлыы мен солдаттардың сапер күреп, партапараттарының шылауына тырп ете алмаған заң органдарының күшімен демонстранттар тек саяси жеңіліс тауып қана қоймай, соңынан өр түрлі жазаға тартылып, заңсыз қуғындауға түсті<sup>17</sup>.

Үшіншіден, бейбіт пиғылдағы жастардың шеруіне «бузақылық» сипаты бірден танылды. «Балалар бақшасын қиратты», «Балалар өлемін» талқандады, «орыстарды ұрды» деген ескерттер жастарға провакациялық әдістермен танылды. Сөйтіп, жүйе бірден күш қолдануға сынықтан сылтау іздеді. Төртіншіден, жастар арасына «тіс қаққан», «өккі» кулар жіберілді. Міне солар қызба жастарды провакация жасауға итермеледі. Тас түйін ұйымшылдықты көрсеткен шерушілер алаңға келіп шашырағанда көтеріліс лидерлері шашыранды қимыл – өрекеттерге ықпал жасай алмай қалды.

Желтоқсан қозғалысының ІІІ сатысы бұл барикаданың екі жағындағы күштердің арбасудан алысуға, текте трекстен сүзгісуге, жұлысуға ұласуы, қозғалыстың бұнт – стихиялық көтеріліске айналу сәті, жүйенің қарулы жазалаушы отрядының күш жұмсап наразы топты еріксіз қорғаныс жасауға, күшке күшті қарсы қою кезеңі. Бұл 17 желтоқсанның 18 сағатынан 18 желтоқсан күні болған үш штурм, 20-дан астам текте тірес кезінде қарулы күштің саперлік шағын күректерімен, темір шыбықтарымен алаңдағы бейбіт халықты дүрелеуі, жастардың айбат шығу, көше тастарын, қабырғаға жабыстырылған мрамор плиталарымен, таяқпен қорғаныс жасауынан тұрады. Жүйе жазалау армиясын жасақтады. Осы уақытқа дейін оларды «сумиритель» «жусатушылар» – деп қарап келінді. Шындығында олар «жазалаушылар» «қарателдер» еді. Жазалаушылардың қатары американдық Хельсинки шамалаушына 50000 өскерден, 20000 милиционерден құралған. Р.Бейісқұлов алаңда 50000 өскери адамдар, 20000 милиционерлер, 16000 жасақшылар болды деп көрсетеді. Ал, М.Шаханов бастаған Комиссия: «5700 өскері бар Алматы горнизоны, ССРО Ішкі Істер министрлігінің арнайы өскері – 5448 өскер бөлімі, Алматыдағы 7552 өсер бөлімі, Қаракемерден 6654 өскер бөлімі, Фрунзеден өкелінген 5450 өскер бөлімі, Ташкенттен 3408, 5452, Челябиндентен 5426 өскер бөлімі, Новосібірден 5427 өскер бөлімі, Уфадан 5424 өскер бөлімі, Свердловскіден, Тбилисіден келген 2169 адам, жұмысшылар жасағы 10000 – нан 15000-ға дейін баршасы 19000-нан 24000-ға дейін қатысты»<sup>18</sup>, – деп көрсеткен. Бұл арада түсініксіз бірнеше жайлар бар. Алаң үш шеңберлі құрсаумен қоршалғаны даусыз. «Жасақшылар» екінші шеңбер 16000-нан 20000-ға дейін. Ал Алматы горнизоны 5700 өскер болса, сырттан өкелінген саны 10000-ға жуықтауы керек. Алматы өуежайында істеген азаматтық айтуынша, 17 желтоқсан күні Астанаға 80-нен астам ұшақтар келіп қоныпты. Орта есеппен транспорт ұшақтары 70-80 адам алатын көрінеді. Ендеше, Комиссия деректері сырттан келген жазалаушы экспедицияның санын 2-2,5 есе кемітіп отыр. Комиссияның жүйе даярлаған, жан-жақты тексерілмеген деректерді алып, соны шындыққа сайып тұрғаны анық байқалады. Жастарды үш қатар қоршап тұрған жазалаушылардың өр шеңбері 20000-нан кем болмағаны байқалады. Жазалаушы армияның бір қауаты «жасақшылар». Москваның жіберген көк тұқыл губернаторы Г.Колбин орыс жұмысшылардың қолына 3 істік берді, аюға, аңға шығатын үш айыр термірлермен, кабельдермен қаруланды. Кейін осы бір қарулар суретке түсіріліп, демонстранттардың «қаруы» ретінде елге көрсетілді, тергеу жұмыстарында «нақты айғақ» ретінде пайдаланылды. 23 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросында арсыз М.Соломенцев: «... Ұшы өткірленген мұндай темір кескінділерінің бір ұшына қолдан тусулы үшін ілгек жасалғанын. Онымен адамды бір ұрып-ақ өлтіруге болады. Барып тұрған жауыздық қой оларды жасау үшін уақыт керек», – деп тексеру органдарында өздері жасаған қылмысты жастарға аударудың амал-айласын көрсетті. Екі жүзді қанішер – палач екендігін М.Соломенцев осы-

лай тағы да танытты.

Адам аң аулауға шыққан қаражүзділіктерді қаратөбегі Г.Колбин ұялмай-қызармай «жасақшылар» отряды деп атады. Сөйтіп ол көтеріліске қатысқан қазақтарға орыс жұмысшыларын қарсы қоюы ұлтшылдықтың ең барып тұрған шыңы еді. Бұл 1905-1907ж. патша охраникасы құрған қаражүздіктер – черносотенцы сияқты принциппен құрылуы Г.Колбиннің охраника тәжірибесін жақсы білетінін көрсетсе керек. Ал, қаражүздіктер болса еврей қырғынын, армянян-түркі халықтың арасындағы қақтығыстарды қолдан арандату арқылы ұйымдастырғаны, ұлтаралық өшпенділікті қолдан жасағаны белгілі. Қазақстан тарихында орыс-қазақтардың қолына қару беріп, 1916 жылы азаттық соғысына шыққан халықты патша өкіметі қанжаса қылғаны бар емес пе? Онда қазақ – орыс жасақшыларына Жетісудың губернаторы, Түркістан уалаятының генерал-губернаторы, Түркістан Элархиясы батасын беріп христиандардың мұсылмандарға қарсы соғысы жарияланды. Сөйтіп ол тек ұлтшылдықтың ғана емес, діни соғыс сипатын көрсеткенді. Қалай болса да Орталық, оның бірден – бір өкілі көк тұқыл Г.Колбин патша заманының ұлт саясатының ең жекусұрын түрін осылай жандандырды. Мұны біз түгіл біздің болашақ ұрпақтарымыз абзал. Амал не, зерттеушілер, оның ішінде аты шулы Комиссия да жазалаушы отрядтың осы бір сипатына көңіл болмеді.

Жазалаушылар қатарындағы 7% қазақ, ал Ішкі істер өскерлерінің милиционерлерінің саналы тобы іштей күреске бел байлаған жастар жағында болды. Кейбір жерде ұлттық принциптінен бөлінген жазалаушылар арасында қақтығыстар болды. Автобусқа мінгізіп алып бара жатқан жастарды қазақ милиционерлері қаптарыстап шығарып жібергені туралы деректерді ел аузынан да жиі естуге болады. Жастар арасында арандатушы «жансыздар» көп болды, олардың кейбіреулері орысқа қарсы ұрандар тастауға үгіттеді. Елеріп қызған жастардың кейбір тобы жатақханаларға, аудиторияларға баса – көкпелі кіріп, күшпен жастарды көшеге шығарды. Бұл жағдай билеуші топтың қолына жиелеу болды, олар зорлық-зомбылықты, ұрып-соғуды, мертік-үртіп үстемелеп жасауға өкелді. Жазалаушылар көшеде белсауыт келе жатқан қазақтарды ұстады, ауаларға да ойнал жүрген жасөспірімдерді машиналарға тиел, тұра соғатын, жазалайтын, не айыптайтын пункттерге тасыды. «Ұлттық белгімен адамдарды аулау» етек алғанын Қазақ ССР Мемлекеттік Қауыпсіздік комитетінің төрағасы генерал В.М. Мирошник кейіннен мойындады.

Қалай болғанда да жүйе, оны СОКП-ның саяси Бюросының мүшесі М.С. Соломенцев бастаған. М. Горбачев қостаған басқарушы тобы бейбіт демонстрация мен манифестацияны «қууға», «алаңды тазалауға» емес, қанды шайқасқа, қантөгіске даярлағаны күмән тудырмайды.

Жазалаушылар «Метель 1986» атты өскери операцияға даярланды, ол жаумен емес, өз халқын жау еткен, ол өз халқына қорғау қасқыр болып шапты.

«Комиссияның» шешімінде осы бір басы ашық, анық істі «в 18.00 по приказу Князева Г.Н. солдаты в касках со шитами и дубинками начали разгон демонстрации», «в течении вечера (4-4,5 часа) прошло около 20 «волн» отнесения – вытеснения», «в 23.40-24.00 проведена операция по разгону демонстрантов с применением малых саперных лопаток, дубинок, слезобных собак» – делінген.

Шыныда да, «оттеснения-вытеснения», «разгон» деген ұғымға жазалаушылар қандай мен бергені айту керек емес пе еді. «23.00-00.45 жастарды алаңнан шығаруға байланысты операция. Күректер мен тоқпақтар, иішіл иттер қолдана бастады. Қуу, таратудансоң, қар үстінде азаматтық киімдердегі 150 – ден астам адам қалды», – дейді Комиссия өзінің қорытындысында. Ал егер 150 адам урыс алаңында сөрейіп жатса «жастарды алаңнан шығаруға байланысты операция» болады? «Қуу, таратудансоң» 150 адам не өліп, не мертігі, жаралы болып, қаңсырап жатса қалай ол жастарды «тарату» операциясы атану керек? Сөз жоқ, бұл қанды қырғын, жастарды апатқа ұшырату операциясы, бұл этноцидтің сойқан түсі. «Коммунизм», «социализмнің», қасиетті идеялары жамылып, тағылық көрсеткен озбыр жендет империяның өккі ісі.

Мен бұл арада Комиссияның пайдаланған құжаттарының ықпалында қалып, тебірену аясынын тар болғанына қынжылыс білдіргім келді. Комиссия сол қаһарлы екі түннің хроникасын былай қалпына келтіреді. «Жастардың алғашқы топтары 17 желтоқсан күні төңертеңгі сағат 7-8-дерде 200 – 300 шамалы адам Орталық Комитет пленумының шешіміне қарсылықтарын білдіретін ұрандармен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті үй алдындағы алаңға жиналды.

Қазақстан Орталық партия комите-



тінің келісімі бойынша алаңды төртіп сақшыларының және ішкі өскерлердің күшімен қоршап ұстауға шешім қабылданды.

10 сағат 30 минутта Алматы гарнизоны бойынша №1 жауынгерлік өзіндік жарияланды. Теміржол вокзалдары мен аэропорт жабылды. Шеруге шығушылардың араларына барып, түсінік жұмысын жүргізу қажет деп табылды. Демонстрация бейбіт саяси қарсылық тұрғысында болатын. Жұртшылық Г.В. Колбиннің сайланысына риза еместіктерін білдірді, өз алдында Д.А. Қонаевті шығаруды талап етті, өмірдің ауыр өлеуметтік жағдайларын, тұрғын үй алудың жұмысқа тұрудың қиындықтарын, ана тілін қолдану ауқымын тарылып бара жатқанын айтып, реніштерін білдірді. Адамдар қолдарына Лениннің портретін ұстап, халық өндерін айтып, қарусыз жүрді. Басқа халықтарға қарсылық байқалмады, мемлекеттік құрылысқа нұсқан өрекеттер болған жоқ.

11 сағат 30 минутта шерушілер алаңдан шығып, қала көшелеріне бағыт алды. Колонналарды, Ішкі істер министрлігінің және олардың бөлімдерінің қызметкерлері алып жүрді.

13 сағат 30 минутта демонстранттар шеруі жол бойындағы автомобильдерден қойылған бөгеттерден өтіп, алаңға қайта оралды. Олардың саны 1400-ден 5000 адамға дейін жеткен еді. Ол кезде алаңға қала көшелеріндегі шеруге қатыспаған, демонстранттарды қызықтаушы жүргінші жастар жиналып қалған. Бейбітшілік көшесін бойлай КазМУу қалашығы жақтан үлкен жастар колоннасы шықты...

Алаңды қоршап алып, ешкімді шығармай, ешкімді кіргізбей ұстауға бұйрық берілді. Алаңға бет алған демонстранттардың жаңа топтары қоршауды бұзып кіріп, қақтығысулар басталды. Қоршаудың ішіндегілер сырттан келгендердің бұзып кіруіне көмектесіп, арада қайшылық туып.

Ішкі істер министрі Власов КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының келісімімен Алматыға еліміздің сегіз қаласынан ішкі өскерлердің арнаулы бөлімдерін өкелуге бұйрық берді. Алаңға өскери бөлімдер өкелінді. Киім үлгілері темір сауыт, темір қалқан, резеңке қолшоқпар. Екі арнаулы машинаға түтіндеткіш қорашпалар, белгі беру ракеталары, көзіннен жас парлататын «Черемуха» газы, соғыс патрондары сияқты арнаулы керек-жабдықтар тиелген. Өскери бөлімнен ізшіл-қызмет іттер бөлімшесі де жеткізілді.

15 сағат пен 17 сағатқа дейінгі аралықта мінбеге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшелері С.М. Мұқашев, З. К. Камалиев шығып сөйледі. Олардың жастарды таратудағы шақырулары айқай мен ысқырықтың астында қалды. Мінбеге қарай қар қиыршықтары, муз кесектері ұшты.

Демонстранттар мінбені қорғаушы солдаттар мен курсаттар тіл тигізді, бас киімдерін ала қашты. Милиционерлер тобырдың белсенділерін қолға түсіре бастады, тобыр оларды құтқарып қалуға ұмтылып, ұрыс-керіс басталды.

Салдаттар берілген бұйрық бойынша оларды алаңға қарай ығыстырды, тобырдағылар салдаттарды таспен, кесек топырақпен, үй қаптаушы мөр-мөр сынықтарымен атқылап, адамдар жараланды.

17.00 сағатта алаңға ССРО Мемлекеттік Қауыпсіздігі комитетінің сапер күректерімен қаруландырылған Алматыдағы жоғары курсант – шекарашылар училищесінің саны 600 шамалы құрамы келіп жетті. Шекарашы – курсаньдардың Алматыға өкелінуіне бұйрықты Қазақ ССР Мемлекеттік Қауыпсіздігі комитетінің төрағасы Мирошниктің өтініші бойынша ССРО Мемлекеттік Қауыпсіздігі комитетінің төрағасы Чебриков берді.

18 сағатта Қазақ ССР Ішкі істер министрі Князевтің бұйрығы бойынша темір қақпақ киіп, қолдарына қалқан ұстаған солдаттар, демонстранттарды резеңке қолшоқпарымен ұрып, алаңнан қуалай бастады. Адамдар түс-

тұсқа қашты, бірімен-бір сығылысып, басып – жанышталды, тобыр жан ұшыра қорғанып, ағаштарды сын-дырды, ғимараттардың қабырғаларындағы қаптаушы мөрмелерді талқандады. Өскерлерге қарай ағаш кескіндерін, тас кесектерін лақтырды, «жедел жәрдем» машинасы екі жақтың да жараланғандарын тасымалдаумен болды. Мінбеге бірінен соң бірі көтеріліп, Камалиденов, Елемесов, Басаров сөз сөйлеп, жиналғандардың тезірек тарап кетулерін өтінді, болмаса күш қолданылатынын ескертті. Митінгіге шығушылар мен құқық қорғау органдары қызметкерлері арасындағы жұлыс керіс, қиын-кескі төбелесе ұласты.

21.00-22.00 сағаттарда алаңға арнаулы құрал-жабдықтар өкелінген машиналар лақтырылған тастың астында қалып, қорғаушылары қашып қутылды. Арнаулы құрал-жабдықтар алаңдағы жұртшылықтың қолына түсті.

22.00 сағатта Ішкі істер министрлігі өрт сөндіру басқармасының бастығы полковник Абдулмұхамед алаңнан халықты қуып шығу үшін өрт сөндіргіш машинаны пайдаланылсын деген бұйрық алды. 20 машина лафетті ұңғыдан су шашып, жұртшылыққа қарай лап құйды. Қалып тобыр машиналарды таспен атқылады соның нәтижесінде 30 өртсөндіруші жарақат алды.

23.30-24.00 сағаттар аралығында демонстранттардың кіші сапер күректерімен, резеңке қолшоқпарлармен ұрып-соғып, қызмет ітне талатып қуалау операциясы жүзеге асырылды. Операция аяқталған соң алаңда асфальт үстінде қанға бөгіп құлап жатқан адамдар машиналарға тиетін өкелінді. Алаң тазарды. Жақын маңдағы көшелерде, үйлердің кіре беріс алаңында, жатхана айналасында бас сауғалап жүргендерді итпен қуып ұстап, жазалау жалғаса берді<sup>19</sup>.

Бұл деректерден қандай қортынды жасауға болады?

1. «Метель 1986» операциясы «демонстрацияны дүркіретін тарату», «ығыстыру – итеріп бастау» операциясы емес. Бұл ойластырылған, билік пирамидасының барша сатысымен келісіп жасалған мемлекеттік дәрежедегі өскери – саяси авантюра деп бағалау орынды;

2. Комиссия көрсеткендей «Метель 1986» операциясы «жалпылама төртінділіктен», «тобырмен» күрескен жоқ, ұлттың аңсаған, оның өзін-өзі билеу құқын талап еткен реформаторлар ұрпағына ашылған соғыс – қанды қырғын. Ал ол қанды қырғынды бастау үшін жазалаушылар демонстранттар қатарына сыналап кіріп, олардың жетекшілерін ұстап бастады, «ығыстыру», «итеріп тастау» топқандарын ұйымдастырып, жастарға қол жұмсап ызаландырды, намысына тиді. Сөйтіп авантюра арқылы қарусыз жастарды қорғанысқа мөжбүр етті. Демонстранттардың қолына тас, мрамор сынықтарын алудан басқа амал қалмады. Қорғаныс барысында олардың арасындағы жансыздар да жазалаушылар қару жұмсаса мүмкін-дік жасау үшін шектен шыққан қимыл жасауға албырт жастарды итермеледі. Басына, иығына күрек тиген, жонына шоқпар баққан жастар бойына атқылап, шашып аққан қаңға қарамай, ойламаған жерден арналысы алысты. Комиссияның қорытындысында көрсеткендей, олар жазалаушылардың техникасын қолға түсірді.

Комиссияның қорытындысында бұл туралы былай делінген: «Вдоль площади, в сторону хильных домов, трибуны, здания ЦК пролетели румные дымовые гранаты, шашки, сигнальные ракеты, взрывались брошенные костюры боевые патроны». «В результате массовых беспорядков сожжены 24 транспортных средства, выведены из строя 39 автобусов и 33 легковых такси, нанесен материальный ущерб 13 объектиям, 5 учебным заведениям, предприятиям торговли, 4 административным зданиям». Жазалаушылар 7552 7/6 барлық қару-жарағы-

мен өкелгендері. Олар патрондарды, жарық беретін ракеталарды, түтін шашатын гранаталары, «Черемуха» деп аталатын газымен балондары бар машиналармен алаңға келген-ді. №99 – машина арпалыс кезінде қолға түсіп, жандырылып жіберілді. Республика прокуроры Ф.Б. Елемесовтің айтуынша, заң қорғау қызметкерлерінің 772

жарақаттанды. Республика Жоғары Советінің сессиясында Комиссияның алғашқы төрағасы Қ. Мырзалиев денесіне таңба түскен милиционерлер, солдаттар және жасақшылар саны 604 адамға жеткенін айтқан<sup>20</sup>. Кейін М. Шаханов басқарған Комиссияның талап етуімен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі бірінші орынбасары Э. Басаров берген анықтамада жарақат алғандардың саны 1214 адам, оның 773-і милиция қызметкерлері мен өскери адамдар.

441-і азаматтар делінген<sup>21</sup>. Ал М. Шаханов жалпы жараланғандар санын 1772 адам деп көрсеткен<sup>22</sup>.

Мұның бәрі айқастың шын мәнінде өмір мен өлім үшін болғанын дәлелдейді. Ендеше, бұл жай толқу емес, «ығыстыру емес», «демонстрация» тарды алаңдан итеріп тастау емес, нағыз барып тұрған қарулы өскерге, жазалаушы экспедицияға айбар көрсеткен, қайрат көрсеткен, жаға жұрттықсан, бас жарған, қол сындырған адам өлімдері болған қырғын алысу, жұлқысу, шабысу.

243 адам баспен мойыннан жараланған. Бұл күрөкпен шоқпармен сабаалаудың нәтижесі екені айдан анық. Көптеген адамдар қолдарынан жарақаттанған. Олар басын сақтап, қолдарын қалқан қылған сәтте жазалаушылардың қаруы жілікті де сындырды, не жарып жіберген.

4.Қанды қырғынға қазақтар ұшырады. Милиция бөлімдеріне өкелінген 2400 жастардың 2302 қазақ еді. Хельсинки тобы госпитальға жатқызылған 369 адамның 361-і қазақ екенін атап көрсеткен. М. Есеналиев желтоқсанның буржасанытуының сипатын алғанын айту да осыдан. Сонымен көшеге демонстрацияға шыққан ұлттың жас балауса өкілі бостандықтың ансады, ұлттардың өз еркімен жақындасуына қалады, ұлттың өзін-өзі билеу құқын жақтады. Ұлы держау империялық өткендікке қарсы шықты. Билеуші топ одан қалды барша жүйе оларды ұлтшылдыққа ұрынған бұзақылар деп айыптап қанға бөктірді. 1905 жылғы қанды жексенбінің кебін Алматы жастары күлді. М. Горбачевтің «қайта құру» идеясына алданып, сеніп қалған жастар замана өзгерген екен, демократия орнаған деп жапа шекті. 1979 жылы Цилиноград оқиғасындай бейбіт жолымен проблеманы шешуге болады деп алданды.

В.Даль өзінің «Толковый словарь» деген аттың еңбегінде «бұнт» деген ұғымға «бунтовать, крамолить, муть, пробуждать к возмущению, составлять скопом против законной власти, быть участником возмущения, заговора и мятежа»<sup>23</sup>, деп анықтама береді. «Бунтовщик, – деп жазады В. Даль, – участник мятежа словом и

### БІЗДІН ТЕМІРБОЛАТ - «ҮЗДІК ВОЛОНТЕР»

ТЕМІРБОЛАТ ШАУТЕНОВ «ТӘУЕЛСІЗДІК» ҚҰРДАСЫ. «ОЙЫЛ ГАЗЕТИНІ» БЕТТЕУШІСІ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРАДЫ. АПТА САЙЫН ШЫҒАТЫН ГАЗЕТТІ ҚҰРАСТЫРУ ӨЗ МАМАНДЫҒЫН ТИЯНАҚТЫ МЕНГЕРГЕНДІГІНІН ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ. ҚОҒАМДА БОЛЫП ЖАТҚАН КЕЙБІР ОЛҚЫЛЫҚТАР ОНЫ ҚАТТЫ ҚЫНЖЫЛТАДЫ. ОНЫҢ ҰСТАНЫМЫ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ МӨҢГІЛІК ЖАСАУЫ ҮШІН ӨР АДАМ ӨДІЛ, АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНІН ҚАЛАЙДЫ.



сінде жақында ғана белсенді өмірлік ұстанымы, әлеуметтік-маңызды қызметі және облыстағы еріктілер қозғалысын дамытуға қосқан үлесі үшін облыстық «Жыл волонтеры 2020» жастар сыйлығының «Birgemiti» ұлттық жобасының «Qatqor» бағытына қосқан үлесі үшін Темірболат Боранбайұлы облыс әкімі Оңдасын Оразалиннің марапатына ие болып, «Үздік волонтер» медалін тағып қайтты. Ат төбелінде ұжымда абыройлы қызмет етіп келе жатқан Темірболат Боранбайұлың айтулы жетістігімен құттықтаймыз! Жарайсың, Темірболат! Тек қана алға!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

### ТӘУЕЛСІЗДІК - ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ ЖЕМІСІ

Тәуелсіздік – балалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан күдіретті сөз. Еліміз тәуелсіздіктің белгісінде тербелгелі жиырма тоғыз жыл. Осы жылдар ішінде Қазақстан етек-жеңін жинап, шекарасын бекітіп, өз алдына ел болды.

Бұл аталарымыздан қалған ұлы жеңістің жемісі. Желтоқсан желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың ерліктерінің арқасында керегесі кең мемлекет болып қалыптастық. Бұл тәуелсіздікті бір ел ғана емес, бүкіл ел болып қолдайды. Тіпті бүгінде Нұрсұлтан атамыз Елорданы арман қалаға айналдырды. Нұр-Сұлтан – үлкен, өрі өдемі қала. Қазағымда «Отансыз адам ормансыз бұлбұл» - дегендей, орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бағы да жоқ. Тәуелсіздік бізге үлкен күрестің арқасында келген жеңіс. Тәуелсіздіктің төтті демін сезініп, қазіргі таңда үлкен мереке жасап, жыл сайын ұмытпай тойлап өтеміз!

Аисеіс ӘНДІРОВА, Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 3 «В» сынып оқушысы.

Күттықтау. Ойыл ауданы, Масатов №15 үйдің тұрғыны, аянамыз Мәмбетова Тәрбияны 82 жасымен құттықтаймыз! Аяулы Ана! Шығар шыңдарыңыз, бағындырар биіктеріңіз, алар асуларыңыз көп болсын! Өрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында шалқып тасып жүре беріңіз! Сізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз!

Әлпештеген, аялап асыраған, Аяулы Ана, ақ ниет асыл адам. Ұрпақ үшін тірлікке нұрын төккен, Қиын қыстау күнде де жасымаған. Бағымыздың бұлбұлын сайрататын, Жанымыздың жайлауы Сіз ғанаңыз. Лаулаймызда, Сіз барда жанымыз да, Қосып сізді сан өнге, сан аңызға. Аялаған аққуым арқылмайтын бағ, Асыл ана жүре бер арамызда!

Күттықтаушылар: бала-келін Аманболды-Забира, немерерлері Бекзат-Құндыз, Медет-Айнур, Сәйлаубек, шөбересі Рамазан.

Ойыл ауданы, Көптоғай ауылының тұрғыны Жолдасбаев Байөмір Шотыбайұлы. Айналайын жан өке, жасыл бағым! Құттықтап келді бүгін боталарың. Өрқашан анамызбен аман болып, Тек көріңдер бала-шаға қуаныштарың. Айналайын жан өке, жасыл бағым! Арқа сүйеп еркелейтін асқар тауым! Ерекше қайталанбас даралығың, Өмірме жол сілтейді даналығың. Айналайын жан өке, жасыл бағым! Тіпелейміз өзіңізге Жамбыл жасын. Бақдаулет, береке, ырыс болып, Сиынған ата-бабам аруағы қолдасын! Жүзіңден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіз. 61 жасыңыз құтты болсын!

Ізгі тілекпен: жолдасы Софья, бауырлары, балалары Асхат-Фарица, Абылай-Аяжан, Абзал, жиендері Айназ, Гүлнәз, Гүлжар.

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЖАЛЫНЫ. Батырлар бар, тыныштықты күзеткен, Сатқындық бар, екі араны сөз еткен. Жүрегі бар, жүрек жұтқан қатары, Желтоқсан бар, жалын отты мұз еткен. Ұлтымыз бар, қызын қыз деп түзеткен, Жұртымыз бар, үлкен-кіші ізетпен. Ақындыр бар, елі үшін азаптан Жырға толы жүрегінен сөз еткен. Көңілі бар, даридай тасыған, Дем аласың, өтсең дағы қасынан, Сөзімі бар, түсінісіз бейне бір, Мұң көрсесің, үңілгенде жасынан. Тектілігі «қазақ» деген атынан. Өзгесі мен сақтанғайсың жатынан. Мен көрмедім қандай да бір ерлікті, Қазығымның ерлігіне татыған. Татымайды, мейлі дағы татысын, Көтерерміз әлі-ақ елдің сатысын. Жалған мақсат ерлігінен не керек, Айыра алмаған шығысы мен батысын. Ермек емес, елім үшін жазамын, Ұяты жоқ өлеңіме тазамын. Аябы жоқ жүр қондыру ел үшін, Менің елім, қайсар мінез – қазағым.

### МҰЗ ҮСТІНДЕ ҚАҮІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!

ҚЫС ҚАҒАРЫНА МІНІП, СУДЫҢ БЕТІ ТОНДАНА БАСТАДЫ. «ЖАМАН АЙТПАЙ, ЖАҚСЫ ЖОҚ» ДЕГЕН ДАНАЛЫҚТЫ ҰСТАНА ОТЫРЫП, ОСЫ ТОНҒЫҢ ҚЫҒЫР ТОСЫН МІНЕЗ ТАНЫТУЫҢАН ҚОРҒАНА АМАЛДАРЫН СІЗДЕРГЕ ҰСЫНҒАЛЫ ОТЫРМЫЗ. ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН ЖӘНЕ ТУЫСТАРЫҢЫЗГА, ДОСТАРЫҢЫЗГА АЙТЫП БӨЛІСІҢІЗ!



Статистикаға сүйексек, 2019 жылғы 1 қазаннан бастап 2020 жылғы 1 наурызға дейін еліміздің су айдындарында балық аулау кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу салдарынан, сондай-ақ мұз өткелдері арқылы ету кезінде 37 адам (оның ішінде 10 бала) қаза болды.

Адамдардың қаза болуының негізгі себептеріне тоқталсақ, балық аулау кезінде жағалаудан немесе жүзу құралдарынан суға құлауынан, балық аулап жүріп мұз астына түсіп кетуінен, балалардың ойнап жүріп мұз астына құлауынан, мұз өткелдерінен өту кезіндегі қауіпсіздік ережелі сақталмауынан болған. Осындай қайғылы оқиғалар болмас үшін тұрғындарды су айдындарында, қыс мезгілінде ең алдымен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға шақырамыз.

Мұздың қаттылығын көзбен-ақ көріп байқауға болады: егер мұздың түсі көгілдір болса – берік, ақ болса – беріктігі 2 есе аз дегенді білдіреді. Ал егер мұздың түсі ақшыл сүр, күңгірт-теу болса, бұл мұздың үстімен жүру тұрмақ, маңайына жоламағаныңыз абзалырақ.

Мұз үстіне қас қарайған шақта және ауа-райы қолайсыз кезде (тұман, қар, жаңбыр) мүлдем шықпаңыз. Өзеннің арғы бетіне шықпақ ойыңыз болса, өткелмен өтіңіз. Бұл өлде-қайда қауіпсіз.

Мұзды аяқпен теуіп, тексеруге болмайтын ұмытпаңыз. Егер, бірінші тепкіден аз мөлшердегі су көрінесе немесе мұз бетінде аз-кем жарықшалар пайда болса, мұз жұқа және оның үстімен жүруге болмайды дегенді білдіреді. Бұл жағдайда міндетті түрде судың жағасына келген ізіңізбен кері қайтыңыз. Аяғыңызды ыық тусымен мұздан алмай, жеңіл адымдап жүріңіз, себебі, күш бір күткенде түспеуі керек.

Мұздан өтерде, осыған дейінгі салынған өдеттегі ізбен жүріңіз, егер бұндай із болмаса, айналаңызға мұқият қарап, жететін орныңызды жете біліп алыңыз.

Топ болып, мұздан өтетін болсаңыз, мұзға аса қатты салмақ түсірмеу үшін 5-6 метрдей болатын бір-біріңіздің ара-қашықтықтарыңызды сақтап жүріңіздер.

Қатқан өзенді (көлді) шаңғымен өткен дұрыс. Есіңізде болсын: ақырын қозғалыңыз, шаңғының ілмегің білегіңіз ілмеңіз, себебі, қауіп туғанда қолыңыздан шеше алмай қалып жүресіз.

Егер, сәлем асынаңыз, тек бір жақ иығыңызға ғана асып жүріңіз. Бұл қауіп кезінде тастай салуға ыңғайлы болмақ.

Бұл кезде өзіңізбен бірге 20-25 метрлік қатты арқан ала шығыңыз. Арқанның бір ұшына ауыр салмақтағы бір затты түйіншектен байлап қойыңыз. Жаныңыздағы серігіңіз мұзға түсіп кеткен жағдайда, арқанның ауыр зат байлаған жағын серігіңізге қарай лақтырыңыз. Жала шегуші арқаннан ұстап, ауыр затты қолтығына қысып тұрсын, сіз өзіңізге қарай ақырын тартыңыз.

Қыстығүні 10 см қалыңдықтағы тұщы және 15 см қалыңдықтағы тұзды мұздың үстімен жүруге болады. Егер бұл көрсеткіштен жұқа болса, есте жоламаңыз.

Ата-аналарға үлкен ескерту: балаларыңызды мұзға (балық аулауға, шана не шаңғы тебуге) қараусыз жібермеңіз.

Мұзға түсіп кетуге себеп болатын көп жағдай – алкогольді ішімдікті тұтынудан болады. Ондай жағдайда адам қауіптен қаша алмай қалып, қайғылы оқиға орын алуы мүмкін.

Судағы немесе мұздағы оқиғалар көбінесе адамның өз-өзіне сену, өз қолдары мен мүмкіндіктерін қате бағалау, судың (мұздың) қарапайым ережелерді елемей салдарынан орын алып жататындығын ескертеміз.

Ойыл ауданының Төтенне жағдайлар бөлімі

### 59, 5 ЖАСЫҢЫЗДА ЗЕЙНЕТАҚЫ РӘСІМДЕП ҮЛГЕРІҢІЗ!

Біздің республикамыздың барлық азаматтарын қандай да бір жаста мемлекеттен зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері қызықтырады: зейнетке қалай шығу керек, тиесілі зейнетақы төлемдерінің мөлшерін қалай есептеу керек және т.б. тағайындағанда, зейнетақымен қамсыздандыру бойынша азаматтар үшін қандай мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы кейбір мәселелер бойынша толық ақпаратты осы мақаланы оқу арқылы таба аласыз.

Республикада зейнетақымен қамсыздандыру «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес жүзеге асырылады.

Зейнетақы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерлікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы.

Егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар. Ерлер үшін зейнеткерлік жас 63.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтебе облысы бойынша филиалының Ойыл аудандық бөлімі

### УСПЕЙТЕ ОФОРМИТЬ ПЕНСИЮ В 59, 5 ЛЕТ!

Всех граждан нашей республики в том или ином возрасте интересуют вопросы пенсионного обеспечения от государства: как выйти на пенсию, как подсчитать размер полагаемых пенсионных выплат и, в целом, какая государственная поддержка реализуется для граждан по пенсионному обеспечению. Более подробную информацию по некоторым вопросам пенсионного обеспечения в Республике Казахстан вы можете найти, прочитав эту статью.

Пенсионное обеспечение в республике осуществляется в соответствии с Законом Республики Казахстан от 21 июня 2013 года «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее – Закон).

Пенсия – это совокупность государственной базовой пенсионной выплаты и (или) пенсионных выплат по возрасту и (или) пенсионных выплат за выслугу лет и (или) из единого накопительного пенсионного фонда, и (или) добровольного накопительного пенсионного фонда.

Право на пенсионные выплаты имеют граждане Республики Казахстан, иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, если иное не предусмотрено законами и международными договорами.

Пенсионный возраст для мужчин составляет в 63 года, для женщин –

59,5 лет (в 2020 году). В соответствии с ст. 11 Закона РК «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» пенсионный возраст для женщин повышается ежегодно по 6 месяцев в течение 10 лет до 2027 года.

В связи с этим, женщинам, родившимся с 1 января 1961 года по 30 июня 1961 года, для назначения пенсии в возрасте 59,5 лет необходимо до 31 декабря 2020 года представить во фронт-офисы Госкорпорации соответствующие документы и заявления. Если документы и заявления на назначение пенсии не успеете подать в 2020 году, то в 2021 году будет назначена пенсия в возрасте 60 лет.

Напоминаем, что необходимые для назначения пенсии документы и заявления принимаются фронт-офисами Госкорпорации за 9 дней до 59,5 лет от женщины, родившейся с 1 января 1961 года по 30 июня 1961 года. Например: если дата рождения женщины 30.06.1961г., то дата ее достижения 59,5 лет попадает на 30.12.2020 г., и она может подать необходимые документы и заявления на назначение пенсии за 9 дней раньше чем свои 59,5 лет, то есть с 21.12.2020 г. до 31.12.2020 г.

Госкорпорация просит вас своевременно воспользоваться своими правами.

Уилский районный отдел филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Актобинской области

### АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша етуелі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурса ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері, жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі, жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Орташа балл бонитет	Суммен қамтылуы
					Егістік	Жайылымдық	Шабандық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1500,0	-	1496,76	-	3,24	11	қамтылған
Барлығы					1500					

ЕСКЕРТПЕ !!! Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурса қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурса қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;
- Конкурстық ұсыныста: 1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны); 2) Шаруашылық іліпкі жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау; 3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өндіріс мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өтараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) күйлендіріледі.

Конкурса қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурса өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң, 10 (он) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурса шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

### ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды зем.участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				Средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Караойский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1500,0	-	1496,76	-	3,24	11	оснащен
ИТОГО:					1500					

ПРИМЕЧАНИЕ !!! Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы: 1) заявка на участие в конкурсе; 2) конкурсное предложение; В конкурсном предложении: 1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест); 2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства; 3) обязательство по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованным, прошитыми или несываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 15 (пятнадцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 10 (десяти) рабочих дней. Схемой размещения земельных участков, выставаемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений. Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80